bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718***
2024

**БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ**

# Байқауға қатысамын.(Қысқа мерзімді сабақ жоспары. 4-сынып)

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 01.02.2024 | https://bilimger.kz/148509/ |

<table>
<tr><td colspan="5">Білім беру ұйымы: Иван Трубицын атындағы №17 ЖОББМГ<br>Қысқа мерзімді сабақ  жоспары</td></tr>
<tr><td colspan="2">Пән: Қазақ тілі Т2</td><td colspan="3">Бөлім:4.Мамандықтар әлемі</td></tr>
<tr><td colspan="2">Педагогтің Т.А.Ә.</td><td colspan="3">Мамедова Г.И</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні : 30.01.24 ж</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 4 «Д»</td><td colspan="3">Қатысқан біілім алушылар саны:              Қатыспаған білім алушылар саны :</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың  тақырыбы: Байқауға қатысамын</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары</td><td colspan="3">4.3.4.1 мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру<br>4.5.1.3 өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолдану</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақтың мақсаттары :</td><td colspan="3">мұғалімнің қолдауымен мәтін мазмұнын және кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?) құрастыру және оған жауап беру<br>өз бетінше шағын мәтіннен етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолданады.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Сабақтың барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/ уақыт</td><td>Педагогтің іс-әрекеті</td><td>Білім алушының іс-әрекеті</td><td>Бағалау</td><td>Ресурстар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>(5 минут)</td><td>(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі.<br>Сәлемдесу. Білім алушыларды түгендеу.<br>Психологиялықахуалорнату.<br>«Миға шабуыл» әдісі.<br>Суретте не көріп тұрсыңдар?<br>Бұлар нелер?<br>Сабақтың тақырыбы қандай болмақ?<br>Сабақтың тақырыбы жәнемақсатымен таныстыру.</td><td>Білім алушылар шеңбер құрып, өлеңді хормен айту арқылы бір-бірлерімен амандасады:<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз,<br>Жайнай түсті даламыз.<br>Сабақ мақсатымен танысады:<br>Өзіңнің немесе өзгенің болашақ жоспарытуралы айтуды үйренесің.</td><td>Мұғалімауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!»</td><td>Слайд<br><br>СУРЕТТЕР</td></tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған.

<table>
<tr>
<td rowspan="4">Сабақтың ортасы (6-42 минут)</td>
<td>1.Сөздікпен таныстыру.<br>Жаңа сөздер:<br>мамандық — профессия<br>таңдау — выбрать<br>әнші — певец<br>биші — танцор<br>жүлде – приз<br>жеңімпаз – победитель<br>сахна – сцена<br>әртіс – актёр<br>Сөздердің мағыналарын «Суретті сөздік» арқылы түсіндіру.<br>2. Дұрыс айтуға дағдыландыру:<br>— мұғалім сөздерді мәнерлеп оқиды.<br>1-тапсырма. Сұрақтарды оқы. Жауабын тыңдалым мәтіннен тап.<br>Тыңдалым мәтіні:<br>31 желтоқсан күні өнерлі балаларды байқауға шақырамыз. Биле, ән сал, өлең оқы. Сахна сені күтеді. Кел де өнер көрсет. Жеңімпаз бол, жүлдені ұтып ал.<br>2- тапсырма<br>Жұптық жұмыс<br>Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.<br>Балалар қандай өнер көрсетеді?<br>Болашақта олар қандай мамандықты таңдайды?<br>Мәтіннің мазмұны бойынша 1 сұрақ құрастырып жаз.</td>
<td>Тыңдалым. Оқылым Айтылым<br>Білім алушылар мұғалімнен кейін сөздерді қайталайды, дауыстап оқиды, тізбекпен оқиды;<br>Жаңа сөздерден сөз тіркестерін , сөйлемдер құрастырады.<br><br>Айтылым. Жеке жұмыс<br>Сұрақтарды оқиды, жауабын тыңдалым мәтінінен табады.<br>Байқау қашан өтеді?<br>Байқауға кімдерді шақырады?<br>Қандай өнер көрсету керек?<br>Жеңімпазға не береді?<br>Оқылым /Айтылым<br>Мәтінді түсініп оқиды.<br>Сұрақтарға жауап береді.<br>Берілген кейіпкерлерінің іс- әркеттерін бағалауға бағытталған сұрақтар (неліктен? не үшін?)<br>мәтін мазмұнына бойынша 1 сұрақ қояды.<br>Бағалау: 1 дұрыс сұрақ — 1ұпай</td>
<td>Мұғалімауызша комментарий береді. «Жақсы! Тамаша! Керемет!»<br><br>Дескриптор:<br>Жалпы-2 балл<br>-сұраққа жауап береді;<br>-сөйлемнің құрылымын сақтайды;<br>-сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды.<br>Дескриптор:<br>Жалпы-3 балл<br>-мәтінді түсініп оқиды.<br>-мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;<br>— сұрақ құрастырады</td>
<td rowspan="4">Оқулық<br>4- бет<br><br>Сөздік<br>СУРЕТТЕР<br><br>слайд<br><br>Слайд<br><br>Оқулық<br>5- бет<br><br>Оқулық<br>6- бет<br><br>слайд</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Жеңіс: Ертең мен байқауға қатысамын. Монолог оқимын. Қазір сахна киімін дайындаймын. Содан соң тағы жаттығамын;<br>Алтынай: Ертең мен үлкен сахнада өнер көрсетемін, билеймін, ән саламын. Ұстазым мені ән айтуға дайындайды.<br>Оқылым /Айтылым<br>3-тапсырма.Сұрақтар:<br>1. Ертең балалар қайда барады?<br>2. Жеңіс сахнада қандай өнер көрсетеді?<br>3. Алтынай қандай өнер көрсетеді?<br>4. Балалардың қайсысы жеңімпаз болуы мүмкін?<br>Жауабы: байқауға, монолог оқиды, билейді, ән салады, екеуі де<br>Бағалау: 1 дұрыс жауап 1 ұпай</td>
<td>Дескриптор:<br>Жалпы-4 балл<br>-мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап береді;<br>— тілдік нормаларды сақтайды.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2">Деңгейлік тапсырма беру.<br>А-Мәтінді оқып, ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықта.<br>
<table>
<tr><th></th><th>Сөйлемдер</th><th>дұрыс</th><th>бұрыс</th></tr>
<tr><td>1</td><td>Ертең Алтынай монолог оқиды.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>Жеңіс байқауға қатысады</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td>Алтынайды ұстазы ән айтуға дайындайды</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4</td><td>Алтынай үлкен сахнада өнер көрсетеді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td>Алтынай сахна киімін дайындайды</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>6</td><td>Алтынай сахнада билейді, ән салады</td><td></td><td></td></tr>
</table>
Жауабы:1-, 2 +, 3+, 4+, 5-, 6+<br>Бағалау критерийі:2 дұрыс жауапқа1 балл<br>В —Мәтінді оқып,көпнүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, мәтінді толықтыр.<br>Ертең Жеңіс ……………… қатысады. Ол………………. оқиды. Қазір …………. киімін дайындайды.<br>Ертең Алтынайүлкен ………………… өнер көрсетеді.<br>Ол………………, ән салады. Ұстазы ………. айтуға дайындайды.<br>Жауабы:байқауға, монолог,сахна,сахнада,билейді, ән<br>Бағалау критерийі:2дұрыс сөйлемге1 ұпай<br>«Есте сақтайық»айдары бойынша мұғалім оқушыларға оқулықта берілген ережені түсіндіреді, есте сақтау үшін мысалдармен нақтылайды.<br><u>Ауыспалы келер шақ.</u><br>Суффиксы: —<u>а, -е, -й</u> + жіктік жалғау. (В III лице в ед. И мн.ч.+ -ды (-ді) Мен ертең аламын. Я возьму затра.<br>Действие, которое будет происходить в будущем.<br>Оқушылар кестеде берілген тірек сөздерге етістіктің шақ, рай формаларын ауызша/жазбаша тілде қолданып, дұрыс нұсқасын жалғап айтады.</td>
<td>Дескриптор: Білім алушы<br>-мәтінді оқып, ақпараттың дұрыс /бұрыстығын анықтайды.<br>Жалпы-3 балл<br><br>Дескриптор :<br>-тиісті сөздерді қойып, мәтін құрайды Жалпы-3 балл<br><br>Смайликтер арқылы кері байланыс жасайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Сергіту сәті<br><br>«Есте сақтайық» айдары бойынша мұғалім оқушыларға түсіндірме жұмысын жасайды, қосымша мәліметтер беріп білімін толықтырады.<br><br>4- тапсырма.Жақшадағы сөздерді өзгертіп оқы.<br><br>5- тапсырма.Сұрақтарды басшылыққа алып жаз.<br>1) Өскенде кім боласың?<br>2) Қандай мамандықты таңдайсың?<br>3) Қай қалада оқисың?<br>4) Қайда жұмыс істейсің?<br>5) Қай қалада тұрасың?<br>6) Арманыңа жету үшін не істейсің?</td>
<td>Оқушылар «Көңілді күн» атты бейнебаянға қарап тұрып, би қимылдарын жасайды, әнді бірге қосылып айтады<br>Тыңдалым /Айтылым<br>«Доп лақтыру» ойыны.<br>Мен жақсы маман бол+а+мын<br>Оқылым<br>«Сен білесің бе?» айдары «Өнерлі өрге жүзер» деген мақалды өнерлі балаларды көргенде айтады<br>Оқылым.Оқушылар жоғарыдағы кестеде берілген үлгіге қарап,сөйлемдерді тізбектеп оқып, сөздерге қосымша-ның дұрыс нұсқасын жалғап өзгертіп оқиды.<br>Айтылым /Жазылым<br>Өзіңнің болашақ жоспарытуралы айтып, жазады.</td>
<td>Дескриптор:1-балл:-сөздерді дұрыс өзгертіп оқиды<br>Дескриптор:<br>— сұрақтарға жауап береді;<br>-болашақ жоспарытуралы жазады<br>— тілдік нормаларды сақтайды.<br>-етістіктің шақ формасын дұрыс қолданадыЖалпы-4 балл</td>
</tr>
</table>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың соңы 3 минут** | **Кері байланыс «Білім қоржыны»** | Оқушылар сабақта алған білімдерін қоржынның түсі арқылы білдіреді | |
| | **Үй тапсырмасын беру : 6 бет 4- тапсырма.**<br>**Бағалау**.Мұғалім формативті бағалауы бойынша қорытынды балын қояды. | | |

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.